

Тақырыбы: Рационал сандарға амалдар қолдану

Мақсаты:

Тәрбиелік. Оқушыларды ұқыптылыққа, жауапкершілікке, өз мақсатына жетуге ұмтылуға тәрбиелеу.

Білімділік. Оқушылардың амалдарды орындауда, өрнектерді ықшамдауда, есептеулерде рационал сандарға амалдар қолдану іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру

Дамытушылық. Оқушылардың ойлау, тыңдау, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру, білім дағдыларын дамыту. Пәнге қызығушылығын тудыру, ой-өрісін кеңейту, ынтасын арттыру.

Сабақ түрі: ойын сабағы

Сабақ типі: қайталау

Сабақ көрнекілігі: үлестірімелер, кесте, суреттер, фигуралар.

Сабақ барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі.

2. Үй тапсырмасын тексеру. Үйге берілген тапсырманы дайын жауаптар бойынша тексеру. Әр дұрыс жауапқа бір әріптен келеді. Табылатын сөз «**ЭКСПО-2017**»

3. Мақсат қою.

«**Сиқырлы сандық**» - ойыны бойынша жүргізіледі. Сандықшада өтілген тақырып бойынша білуге тиісті сұрақтар жазылған. Оқушылар кезегімен бір сұрақтан жауап береді. Жасырынған сөз «**жел диірмен**» Әр дұрыс жауап үшін оқушылар фигуралар жинайды. Сабақ соңында өздерінің жинаған фигураларынан жел диірмен құрастырады.

Сұрақтар:

1. Екі теріс санның қосындысы теріс сан ба, оң сан ба?

2. Таңбалары әр түрлі сандарды қалай қосады?

3. Қарама – қарсы сандардың қосындысы неге тең?

4. Таңбалары бірдей екі санның көбейтіндісі қандай сан?

5. Таңбалары әр түрлі екі санның көбейтіндісі қандай сан?

6. Екі теріс санның көбейтіндісі неге тең?

7. Таңбалары әр түрлі сандардың бөліндісі қандай сан болады?

8. Санды қандай рационал санға бөлуге болмайды?

9. Нөл санын кез келген нөлден өзге санға бөлгенде неге тең болады?

10. Бөлінгіш пен бөлгіштің таңбалары бірдей болса, бөлінді оң сан ба, әлде теріс сан ба?

4. Білімді жан-жақты тексеру.

1. «Дұрыс жауапты тап» ойыны бойынша, тақтада жазылған бірнеше есептердің дұрыс жауабын тауып көрсетеді.

$$-5 + (-10) = -12$$

$$1,2 \cdot (-10) = 5$$

$$-100 \cdot 0,81 = -15$$

$$-20 - (-16) = 0,9$$

$$-75 : (-15) = -81$$

$$-30 : 5 = 89$$

$$-3,6 : (-4) = -6$$

$$32 - (-57) = -4$$

2. «Қамені тап» ойыны бойынша оқушыларға жеке тапсырмалар беріледі.

$$56 : (-7) = 8$$

$$12 - 28 = 16$$

$$-8 \cdot (-5) = -40$$

$$75 : (-3) = 25$$

$$-45 + (-15) = 60$$

$$-60 : (-12) = -5$$

$$63 + (-15) = -48$$

$$50 - (-19) = -69$$

3. «Кім жылдам» ойыны бойынша есептеуге тапсырма беріледі.

$$23a - 7b - 4a + 10b \quad 6,5a + 5,3b - 9b - 6,5a \quad ab - 2ab - 3b + ab + 5b$$

$$3\frac{1}{2}b - 4,9c - 3\frac{1}{2}b + 7,9c \quad 8xy + 9x - 5,5x - 8xy \quad -17x + 9y - 8y - 17x$$

$$8a + 6,2b - (-5a) - 6,2b \quad 9,5a + 30 - 9,5a - 72$$

4. «Ойлан тап» ойыны бойынша баған мен жол бойындағы бөлшектерді бөлгенде, шыққан мәндерді парақшада жазылған дұрыс жауаптың тиісті әріптерін қойса, АСТАНА сөзі шығады.

	$\frac{5}{17}$	$-\frac{5}{51}$	$\frac{10}{17}$
$-\frac{5}{17}$			
$-\frac{13}{17}$			

5. «Ақ серек, көк серек» ойыны бойынша өз бетінше жұмыс жасауға тапсырма беріледі. Есептің жауабындағы санға байланысты атадан қалған асыл сөздерді тауып, мазмұнын түсіндіреді.

$$-12 + (-18) = -30 \text{ (отызында орда бұзбаған, қырқында қамал алмас)}$$

$$-\frac{1}{49} : (-\frac{1}{7}) = \frac{1}{7} \text{ (жеті рет өлшеп, бір рет кес)}$$

$$-0,7 \cdot (-10) = 7 \text{ (жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл)}$$

$$-2,5 \cdot 0,1 : (-100) = 0,001 \text{ (білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады)}$$

$$0,25 \cdot (-10) \cdot (-16) = 40 \text{ (қызға қырық үйден тию)}$$

$$\frac{1}{15} : (-5) \cdot (-\frac{75}{8}) = \frac{1}{8} \text{ (сегіз қырлы, бір сырлы)}$$

$$\frac{5}{80} : (-\frac{5}{8}) = -\frac{1}{10} \text{ (бір тал кессең, он тал ек)}$$

$$-\frac{1}{8} : (-\frac{1}{4}) = \frac{1}{2} \text{ (бір елі ауызға екі елі қақпақ)}$$

6. «Көрме» Оқушылар бүгінгі өткен сабақтан алған әсерлерін қолдарына берілген сөздерге байланыстырып айтады. Фигураларды тақтаға орналастырып жел диірмен суретін құрастырады.

5. Қорытынды. Бағалау.

6. Үйге тапсырма.